Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ, ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫНА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МАҚСАТ ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МІНДЕТ. АУЫЗБІРШІЛІГІ МЫҚТЫ, ТАТУ-ТӘТТІ ОТБАСЫ – БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ АРҚАУЫ. СОНДЫҚТАН ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ НОРМАСЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ АЙҚЫНДАЛДЫ. ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ЖАСАМПАЗДЫҚ РУХЫ ОРАСАН ЗОР. ОЛАР БІЛІМ МЕН СПОРТТА, ӨНЕРДЕ МОЛ ТАБЫСҚА ЖЕТУДЕ. МЕНІҢ БАСТАМАММЕН ҚОЛҒА АЛЫНҒАН «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ӘРБІР БАЛАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЛЫП ЖАТЫР. БИЫЛ «ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛА БАСТАДЫ. ЖАС БУЫНДЫ ҚОЛДАУ ӘРДАЙЫМ ЕЛІМІЗДІҢ, ЯҒНИ ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ОЗЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДА БОЛАДЫ.

№64
(4962)
Сейсенбі
2 маусым
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОҚУШЫЛАР АҚОРДАНЫ АРАЛАДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай еліміздің әр өңірінен келген бір топ үздік оқушылар Ақорданы аралап көрді.

Президент резиденциясын көруге әр өңірден жиналған 100 оқушы келді. Ақордада пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, оқу озаттары, шығармашылық байқаулардың және спорт сайыстарының лауреаттары қонақ болды. Үздік оқушыларға ғимарат құрылысының тарихы мен сәулет ерекшелігі туралы сыр шертетін қызықты экскурсия ұйымдастырылды. Оқушы мейманда қабылдау өтетін залдармен, Мемлекет басшысының кітапханасымен танысып, резиденция аумағындағы бақта серуендеді. Экскурсия соңында балаларға Президент атынан естелік сыйлықтар табысталды.

САНСӨЙЛЕМ

ҚАЗАҚСТАНДА 0-17 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАР САНЫ –

6,9 МЛН.

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДА ЕЛІМІЗДЕГІ БАЛАЛАР САНЫ 4,4 ПАЙЫЗҒА АРТҚАН.



КЕШЕ ЕЛОРДАДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН 100-ГЕ ЖУЫҚ МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ЛАГЕРЛЕРІ ДЕ ДЕМАЛУШЫ ОҚУШЫЛАР ҮШІН ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ.

4

БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАҒА



1 МИЛЛИОН ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАНДЫ

Елордада LRT көлігін пайдаланушылар саны күннен-күнге көбейіп келеді. Бұл жөнінде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«LRT ашылған сәттен бастап екі апта ішінде жолаушылар ағыны 1 млн адамға жетті. Күн сайын жолаушылар саны шамамен 65-75 мың адамды құрайды. Бұл көрсеткіш қалалық рельсті көліктің жаңа түрі елорда тұрғындары мен қонақтары арасында сұранысқа ие екенін көрсетеді. LRT-ны белсенді пайдаланып, жаңа көлік жүйесіне сенім артқаны әрі инфрақұрылымға жауапкершілікпен қарағаны үшін жолаушыларға алғысымды білдіремін. Сонымен қатар LRT-ның Қосшы бағыты бойынша екінші кезеңін іске асыру жұмысы басталды. Жобаның жүзеге асуы көлік инфрақұрылымын одан әрі дамытуға мүмкіндік береді» деп жазды елорда әкімі.

Елімізде 1 маусымнан бастап жылжымайтын мүлік құжаттары толық онлайн форматқа көшіріледі.

ОНЛАЙН ФОРМАТТА РӘСІМДЕЛЕДІ

Жылжымайтын мүліктің техникалық паспорты мен кадастрлық паспортын, сондай-ақ олардың төлнұсқаларын рәсімдеу толықтай онлайн форматқа ауыстырылады. Енді Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО) барудың қажеті жоқ. Яғни операторлар арқылы бұл құжаттарға өтінім қабылдау толығымен тоқтатылады. Жылжымайтын мүлік құжаттары енді онлайн режимде былайша рәсімделеді: азаматтар eGov.kz порталы немесе eGov mobile қосымшасы арқылы үйден шықпай-ақ өтінім беріп, төлем жасайды. Дайын құжат пайдаланушының «жеке кабинетіне» автоматты түрде жүктеледі. Онлайн қызметті пайдалана алмайтын азаматтар үшін ХҚКО-лардағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары қолжетімді болады.

№64 (4962) 02/06/2026 Сейсенбі

ТАРАПТАР МҮДДЕЛІ ЕКЕНІН РАСТАДЫ

Президент Гонконг Арнаулы әкімшілік ауданы Әкімшілігінің Басшысы Джон Лимен кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, ол Қазақстанға алғаш рет келіп отырғандықтан, бұл сапардың маңызы айрықша екенін айтты.



«Бұл уақиға Қазақстан мен Гонконг, кеңінен алып қарағанда, мәңгі жан-жақты стратегиялық серіктестік байланыстыратын Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретіні сөзсіз. Елдеріміздің арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог орнаған, сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастық қарқынды дамып келеді. Гонконгпен қарым-қатынасымыз туралы да дәл осылай айтуға болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инвестиция, инновация, технология және халықаралық сауда салаларында әлеуеті зор Гонконг әлемде жетекші қаржы және іскерлік орталықтардың бірі ретінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Президент бұл сапар өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға, іскерлік қарым-қатынасты кеңейтуге және инвестиция, қаржы, цифрландыру, жасанды интеллект, көлік-логистика бағыттарында бірлескен перспективті жобаларды жүзеге асыруға жол ашатынына сенімді екенін жеткізді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға салмақты бизнес-делегациямен бірге келгені үшін мәртебелі мейманға ризашылығын білдірді. Бұл Гонконг іскерлік қауымдастығының елімізбен ынтымақтастықты арттыруға үлкен қызығушылық танытып отырғанын байқатады.

Джон Ли қонақжайлық көрсеткені үшін Президентке алғыс айтып, Гонконгтың Қазақстанмен кешенді ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге дайын екенін растады.

«Аталған сапарға ерекше мән беремін. Менімен шетелге шыққан делегациялардың ең ауқымдысы осы болды. Оның құрамына логистика, «жасыл» энергетика, тау-кен өнеркәсібі, инновация мен технология және білім беру сияқты басты салаларда еңбек ететін 75 ресми тұлға мен кәсіпкер енді» деді Джон Ли.

Гонконг Әкімшілігінің Басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанда көтерілген «Бір белдеу, бір жол» бастамасы екі ел арасындағы берік әрі достық байланыстардың жарқын көрінісіне айналғанына тоқталды. Оның айтуынша, Қытай Халық Республикасының арнаулы әкімшілік ауданы саналатын Гонконг аталған бастаманы ілгерілетуге белсенді түрде атсалысып келеді. Сонымен қатар өңіраралық байланыстардың кеңеюі қалаға елеулі артықшылық береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джон Ли екіжақты күн тәртібіндегі бірқатар нақты мәселені талқылап, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға өзара мүдделі екенін растады.

ҮКІМЕТ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРДЫ, ҮКІМЕТ ОРЫНДАДЫ

Елімізде 1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күні дәстүрлі түрде аталып өтеді. Бүгінде елімізде 6,9 млн-нан астам бала тұрады және олардың құқығын қорғау мәселесі мемлекеттің әлеуметтік саясатындағы басым бағыттардың бірі саналады. Аталған жұмыс, жаңа Конституцияда бекітілгендей, балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу қағидатына негізделген, ал мемлекеттің басты міндеті – отбасылар үшін балалардың дені сау болып өсуіне, сапалы білім алуына және өздерін қауіпсіз сезінуіне мүмкіндік беретін сенімді әрі қолайлы жағдай жасау.



Бұл бағыттағы басты құжат ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтай қорытындысы бойынша берген тапсырмасына сәйкес қабылданып, Үкімет бекіткен 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы айқындалды. Бағдарлама 158 іс-шараны қамтиды, ал оны жүзеге асыруға жалпы көлемі 1,3 трлн теңге қаржы қарастырылған. Құжат аясындағы жұмыстар білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және қауіпсіздік сияқты негізгі бағыттар бойынша жүргізілуде.

ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕРДІ ЖОЮ

Білім беру саласында жүргізіліп жатқан жұмыстардың басты мақсаты – қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты азайту. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында 2020 жылдан бері елімізде 1,2 мыңнан астам мектеп салынды. Нәтижесінде 1 млн-нан астам жаңа оқушы орны ашылды, бұл үш ауысымды мектептер санын төрт есеге қысқартуға мүмкіндік берді. Биыл тағы 53 мың орынға арналған 96 мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар қолданыстағы мектеп инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр: алдағы үш жыл ішінде 1,3 мың мектепті жаңарту көзделген, оның 820-сы ауылдық елді мекендерде орналасқан. 2025 жылдан бері 215 мектеп жаңартылды. Жүргізіліп жатқан жұмыстар аясында пәндік кабинеттер, асханалар, спорт залдары және қауіпсіздік жүйелері толық ауыстырылуда.

Білім беру мазмұны да заман талабына сай жетілдірілуде. Оқу үдерісіне цифрлық технологиялар кеңінен енгізіліп, пәндік дайындық күшейтілуде, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған бейімделген бағдарламалар дамытылуда. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Бұл оқу орындарында әрбір оқушының қабілетін ашуға мүмкіндік беретін қолайлы әрі қолдаушы орта қалыптастыруға жол ашады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру жүйесіндегі маңызды кезең болып қала береді. Дәл осы кезеңде баланың тұлғалық дамуының негізі қаланып, қарым-қатынас дағдылары қалыптасады және мектепке дайындық жүргізіледі. Осыған байланысты мемлекет балабақшалар мен мектепалды даярлыққа қолжетімділікті дәйекті түрде кеңейтіп келеді. Бүгінгі таңда республика бойынша 12 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оның 5,3 мыңы – мемлекеттік, ал 6,6 мыңы – жекеменшік ұйымдар. Мұнда 1 млн-нан астам бала тәрбиеленуде, 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейі 70,9%-ға жетсе, кезекте тұрған балалар арасында бұл көрсеткіш 96%-ды құрайды.

Мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін арттыру үшін қаржыландырудың жаңа тәсілдері енгізілуде. Атап айтқанда, еліміздің 20 қаласы мен 23 ауданында ваучерлік қаржыландырудың пилоттық жобасы іске қосылды. Жобаға 6 мыңға жуық ұйым қатысып, 936 мыңнан астам ваучер берілді. Бұл қадам бюджет шығыстарының ашықтығы мен тиімділігін арттырып қана қоймай, балабақшалардағы республикалық кезекті 2025 жылдан бері 9 есеге дерлік қысқартты. Нәтижесінде кезекте тұрған балалар саны 160 мыңнан 18 мыңға дейін азайды. Соңғы үш жылда елімізде мектепке дейінгі ұйымдарда 223 мың жаңа орын ашылды, ал 2027 жылдың соңына дейін тағы 76,5 мың орын ашу жоспарлануда. Мектепке дейінгі білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету ісіне 104 мыңнан астам маман тартылған. Олар үшін ерте жастағы балаларды дамыту саласындағы заманауи стандарттарға сәйкес тұрақты түрде біліктілікті арттыру жүйесі қалыптасқан.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

Ұзақмерзімді қолдау тетіктерінің бірі – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылы іске қосылған «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы. Аталған жобаға сәйкес Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50%-ы балалардың арнайы жинақтаушы шоттарына 18 жасқа толғанға дейін аударылып отырады. Кәмелет жасына толғаннан кейін жинақталған соманы тұрғын үй сатып алуға немесе білім алуға жұмсауға болады. Бағдарлама негізгі көрсеткіштер бойынша тұрақты өсім көрсетуде. Алғашқы жылы оған 6,91 млн бала қатысып, олардың әрқайсысының шотына $100,52 көлемінде қаражат аударылды. 2025 жылы қатысушылар саны 6,92 млн балаға дейін артқан, ал жылдық төлем $129,38 мөлшеріне жетті. 2026 жылғы бөлу қорытындысы бойынша қаражат 6,91 млн балаға есептелді, бұл ретте жылдық төлем $130,71 құрады.

Бағдарлама іске қосылған сәттен бастап қатысып келе жатқан балалардың жинақтары инвестициялық кірісті қоса есептегенде жалпы $370,56-ға жетті. Үш жыл ішінде бұл бастама аясында жалпы $2,3 млрд бөлінді, оның ішінде кәмелетке толған балалардың шоттарына $238,5 млн-нан астам қаражат аударылды. Бүгінгі таңда 297 мыңнан астам өтінім мақұлданды: оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсартуға – 187 мыңнан астам өтінім, жалпы сомасы $33 млн-нан астам; білім алуға – 110 мыңнан астам өтінім, жалпы сомасы $19 млн-нан астам.

ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Балалардың қауіпсіздігі мен құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мәселелері аса маңызды. Қазіргі таңда бұл бағыттар Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» жалпы қағидатымен үндестірілген. Бұл бағыттағы негізгі басымдық ерте профилактикаға және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға берілген. 2025 жылдың қыркүйегінен бастап елдің барлық мектептері мен колледждерінде нормативтік тәртіпте «Досбол-LIKE» және KiVa антибуллинг бағдарламалары енгізілді, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық немесе қатыгез қарым-қатынас фактілеріне мемлекеттік органдардың бірыңғай әрекет ету алгоритмдері бекітілді. Өңірлік деңгейде барлық облыста мамандандырылған психологиялық қолдау орталықтары ашылып, жұмыс істеуде. Сонымен қатар мемлекеттік бақылау айтарлықтай күшейтілді. Уәкілетті органдардың тексерістері енді міндетті түрде мектептегі тамақтану сапасын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің толықтығын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар құқығының сақталуын қамтиды.

2026 жылғы негізгі құқықтық өзгеріс – балалардың құқығын қорғау саласындағы бұзушылықтар үшін тікелей әкімшілік жауапкершіліктің енгізілуі. Енді буллинг фактілерін елемеу, асханалардағы тамақтандыруды ұйымдастырудағы кемшіліктер немесе тиісті профилактика жұмысының жүргізілмеуі үшін оқу орындарының басшылығы мен жауапты тұлғалар заң алдында жеке жауапқа тартылады. Осы жұмысты жергілікті деңгейде үйлестіру үшін әкімдіктер құрылымында балалардың құқығын қорғау жөніндегі басқармалар түріндегі жеке салалық ведомстволар құрылуда. Олар мектептер, қамқоршылық органдары, психологиялық қызметтер мен әлеуметтік мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды тікелей үйлестіреді. Мамандардың жүктемесін азайтып, жұмыстың сапасын арттыру мақсатында алғаш рет заңнамалық деңгейде қамқоршылық органдары үшін қатаң кадрлық норматив бекітілді: 5 мың балаға кемінде 1 инспектор қарастырылған.

(Үкіметтің ресми сайтынан ықшамдалып алынды)





ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін бірқатар маңызды мәселе қаралды. Күн тәртібіне бюджет саясаты, кадр даярлау және мемлекеттік сектор қызметін жетілдіруге қатысты үш мәселе шығарылды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Алдымен 2026-2030 оқу жылдарына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту мәселесін талқылады. Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев ұсынған жоба еңбек нарығының сұранысына сай мамандар даярлауға бағытталған. Кеңес мүшелері гранттар көлемін жоспарлау кезінде қаланың қазіргі және болашақтағы кадрлық қажеттіліктерін ескеру маңызды екенін атап өтті.

Кеңес мүшелері сондай-ақ Астана қаласының 2026-2028 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін талқылады. Бұл жөнінде Астана қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Айжан Түгелбаева баяндама жасады. Отырыс барысында бюджет қаражатын тиімді пайдалану, қаржы ағынын оңтайландыру және қаланың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін орындауға бағытталған өзгерістер қарастырылды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын заңды тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесіне өзгерістер енгізуге арналды. Бұл мәселе бойынша Астана қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов баяндама жасады. Ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттік сектор жұмысының тиімділігін арттыруға, басқару үдерісінің ашықтығын қамтамасыз етуге және бәсекелестік ортаны дамытуға бағытталған.

Отырыс барысында Қоғамдық кеңес мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз ұсынысы мен пікірін білдіріп, жобаларды жан-жақты талқылады. Кеңес алаңында өткен ашық диалог қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға және олардың қала тұрғындарының мүддесіне сай болуына мүмкіндік береді.

АУЛАЛАР ЖАҢАРТЫЛДЫ

Балдырғандардың мерекесіне орай Астананың Сарыарқа ауданында жаңарған 8 аула мен 1 қоғамдық кеңістік пайдалануға берілді. Онда заманауи резеңке жабыны төселіп, балалар ойын алаңдары, спорт және футбол алаңдары орнатылды.



Сонымен қатар экология тұрғысынан таза материалдардан жасалған сәулет нысандары, әткеншектер, демалыс аймақтары мен тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне арналған орындар жабдықталды. Аула аумақтары көгалдандырылып, тұрғындардың серуендеуіне қолайлы жағдай жасалды. Жобалар тұрғындардың ұсынысы негізінде жүзеге асырылып, К.Күмісбеков көшесі 7/1, Жеңіс даңғылы 3 және 5, Н.Тілендиев даңғылы 16/1, Г.Титов көшесі 14, Конституция көшесі 25 және 27, Қарталы көшесі 6 мекенжайларында күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ Ирченко көшесінде жаңа шағын аллея абаттандырылды. Аулалардың ашылу салтанатында балаларға арналған ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылып, спорттық және танымдық ойындар, байқаулар мен викториналар өтті. Белсенді қатысушыларға сыйлықтар табысталды.

– Ауданымызда осындай қоғамдық кеңістіктер мен аулалар ашылып жатыр. Экологиялық таза ойын алаңдары балалар мен тұрғындардың демалуы үшін жасалған. Біздің ауданда барлығы 600-ден астам аула бар. Соның ішінде биыл 25-30 ауланы жаңартып, пайдалануға беру жоспарда тұр. Мұның бәрі де тұрғындар игілігі үшін! – деді Астана қаласы Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Ержан Жұмағұлов.

Елқуат ЕЛТӨРЕ

БӨБЕКТЕР САЙЫСЫ

Елордадағы Президент саябағында «Шапшаң бөбек» мерекелік жарысы өтті. Ол Астана қаласы Сарайшық ауданы әкімдігінің мұрындық болуымен ұйымдастырылды.



Бөбектер сайысы екі санатқа бөлінді. Біріншісі – 6-9 ай аралығын, екіншісі 9-14 ай аралығын қамтыды. Мерекелік іс-шараға ата-аналар, балалар мен қала тұрғындары қатысып, тамашалады.

– Халықаралық балаларды қорғау күніне орай кішкентай қатысушыларға арналған ерекше әрі көңілді іс-шаралар өтті. Басты мақсат – отбасы құндылықтарын насихаттау, балалар арасындағы байланысты нығайту. Балалар өзінің шапшаңдығымен, тәтті қылығымен көрермендерге айрықша көңіл күй сыйлады, – деді Астана қаласы Сарайшық ауданының әлеуметтік сала басшысы Гүлнұр Қарашева.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

ДЕМАЛЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Астана қаласы әкімдігінің Техникалық және көркем шығармашылық орталығы мерекелік іс-шара ұйымдастырды.

«Білім парк» филиалының спорт алаңында өткен «Art&Tech жаз» іс-шарасы балаларға қуаныш сыйлап, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған.

– «Art&Tech жаз» демалыс лагерінің бірінші маусымы салтанатты жағдайда ашылды. Мұнда балалардың жазғы демалысын тиімді әрі мазмұнды өткізу жоспарланған. Орталығымыздың тәрбиеленушілері дайындаған сәндік-қолданбалы өнер және қолөнер бұйымдарының көрмесі ұсынылды. Көрмеде жас шеберлердің шығармашылық ізденісі мен талантының нәтижесінде жасалған жұмыстар көрсетілді. Сондай-ақ ардагер ұстаз, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, автопортрет жанрының майталманы Ақылбек Қабенұлы балаларға шеберлік сынынын өткізді. Қазіргі уақытта 300-ге жуық баланы қамтып отырмыз, – деді Техникалық және көркем шығармашылық орталығы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жанар Әбуова.

27 мектеппен бірлесіп қызмет атқаратын орталықта 37 үйірме жұмыс істеп тұр.



ТАЗА ҮЙ – ТАЗА ЕЛ

Бас қаладағы «Бұқар жырау» тұрғын үй кешенінің аласында «Таза үй – таза ел» жобасы аясында іс-шара өтті.

Мерекелік жиынға Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы су нысандары және қалдықтарды басқару бөлімінің басшысы Жанар Сәдуақасова, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы Астана қалалық филиалының төрағасы Талғат Омаров, «Жасыл даму» АҚ қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыру департаментінің менеджері Сәкен Шаймұрат, «Астана қағазы» ЖШС директоры Нұркен Олжабай қатысты.

Іс-шара барысында балалар арасында шағын футбол турнирі ұйымдастырылып, аниматорлардың қатысуымен ойын-сауық бағдарламасы ұсынылды. Тәттілер таратылып, жарыс жеңімпаздары марапатталды.

Қатысушылар балаларды мерекемен құттықтап, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау әр тұрғынның күнделікті дағдысына айналуы тиіс екенін атап өтті. Бұл ретте «Таза үй – таза ел» жобасы аясында аталған тұрғын үй кешеніне картон мен қағаз қалдықтарын сұрыптап тастауға арналған тор қойылған. Онда жиналған шикізатты 2-3 күн сайын «Астана қағазы» ЖШС мамандары алып кетеді. Келісі 25 теңгеден есептеледі. Түскен қаражат тұрғын үй ауласын абаттандыруға жұмсалады.

Іс-шара барысында «Таза үй – таза ел» жобасын жүзеге асыруға белсенді үлес қосқаны үшін МИБ төрағасы Ержан Әбдіқалықовқа Нұра ауданы әкімінің алғыс хаты табысталды.

МИБ төрағасының сөзінше, алғашқы айда 1 тонна картон мен қағаз жиналған. Келісі 25 теңгеден есептелгенде 25 мың теңге қаражат түскен. Оның бір бөлігінен салық төленіп, қалған сомасына ауладағы футбол алаңы қақпасының торы сатып алынған.

«Астана қағазы» ЖШС директоры Нұркен Олжабай осы тұрғын үй кешеніндегі картон-қағаздарды, пластиктерді 2-3 күн сайын жинап отыратынын айтады. Оның сөзінше, қазіргі таңда аталған тұрғын үй тұрғындары қағаз қалдықтарын жинап тастауға әдеттеніп келеді.



№64 (4962) 02/06/2026 Сейсенбі

КАНИКУЛДА ҚЫЗЫҚ КӨП

Балалар үшін жаз мезгілі – демалыс пен қызыққа толы ерекше кезең. Үш айлық демалыс оқушыларға күш жинап, шығармашылығын шыңдап, түрлі іспен айналысуға мүмкіндік береді. Биыл Астанадағы жазғы демалыс маусымы бұрынғыдан да ауқымды болмақ.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ



Астана қаласы Білім басқармасының мәліметіне сүйенсек, жазғы кезеңде 1-10-сынып аралығындағы 242 мыңнан астам оқушыны түрлі сауықтыру, білім беру және демалыс бағдарламаларымен қамту жоспарланып отыр. Оның ішінде 11 мыңға жуық әлеуметтік осал топтағы бала бар.

Жазғы демалыстың басты мақсаты – балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, танымдық көкжиегін кеңейту және шығармашылық әлеуетін дамыту.

«Биылғы жазғы демалыс бағдарламалары әр баланың қызығушылығына сай бағыттарды қамтиды. Біз оқушылардың демалысын мазмұнды әрі қауіпсіз өткізуге ерекше көңіл бөліп отырмыз. Балалардың спортпен айналысуына, кітап оқуына, ғылыми жобаларға қатысуына және ұлттық құндылықтарды тануына мүмкіндік жасалады. Ең бастысы, әр бала жазғы демалысты қызықты әрі пайдалы өткізуі тиіс» дейді Астана қаласы Білім басқармасының өкілі Аяжан Амантайқызы.

Жазғы кезеңде бастауыш сыныптың 75 мыңнан астам оқушысы мектеп жанындағы лагерлерде демалады. Ал жоғары сынып оқушылары арнайы бейіндік жобаларға қатысады. Атап айтқанда, «Оқитын ұлт: ozyq ult», «Болашақ LAB», «Green city: балалар таңдауы», «Әділет camp», «Smart bala», «Саяхат&спорт» жобалары балалардың білімге деген қызығушылығын арттырып, жаңа дағдыларды меңгеруіне жол ашады.

Ұлттық тәрбие мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Осы мақсатта 32 мектеп базасында «Атамекен» этнолагері ұйымдастырылады. Мұнда оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрімен танысып, ұлттық ойындарды ойнап, мәдени мұраның құндылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

Сонымен қатар жекеменшік мектептер базасында 35 мыңнан астам баланың жазғы демалысын ұйымдастыру жоспарланған. Ал қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне 2681 оқушы жолдама алады. Бұл бағытқа жергілікті бюджеттен қажетті қаржы қарастырылған.

Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін 14 қосымша білім беру ұйымында қысқамерзімді клубтар мен тақырыптық лагерлер жұмыс істейді. Бұл бағдарламаларға 8 мыңға жуық бала қатысады.





Әл-Фараби және Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайларында, сондай-ақ «Таным» кешенінде «Kids Hub Tanym», «Жұлдыздар академиясы», «Sport Mix», «Eco Life» секілді жобалар жүзеге асырылады. Мұнда балалар ғылым, өнер, спорт және экология бағыттарында білімін толықтыра алады.

Жазғы демалыстың тағы бір ерекшелігі – бұқаралық спортты дамытуға бағытталған «Дидарлы жаз-2026» жобасы. Оған 8360 оқушы қатысады деп жоспарланған. Жоба аясында мектеп командалары өзара бақ сынасып, маусым айында қозғалмалы ойындардан, шілдеде футбол мен волейболдан, ал тамызда тоғызқұмалақ, асық ату және бес асықтан жарыстар өтеді.

Балалардың сүйікті демалыс орындарының бірі саналатын қала сыртындағы «Барап» лагері де биыл 1600 баланы қабылдайды.

Әрине, демалыстың қызықты өтуімен қатар қауіпсіздігі де маңызды. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының басшылары, полиция қызметкерлері, төтенше жағдайлар мамандары, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және қоғамдық денсаулық сақтау басқармаларының өкілдері бірлесіп түсіндіру жұмысын жүргізді. Барлық ұйымға қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы жадынамалар таратылып, жауапты қызметкерлерге нұсқамалар берілді.

Жаз – балалық шақтың ең жарқын естеліктері қалыптасатын мезгіл. Сондықтан елордада қолға алынған ауқымды жобалар мыңдаған баланың демалысын қызықты әрі пайдалы өткізуіне мүмкіндік береді.

БАЛАЛАРҒА ҚАМҚОР ҚАЛА

1 маусым – күлкісі сыңғырлаған бүлдіршіндердің мерекесі ғана емес, қоғамның балаға деген жауапкершілігін еске салатын күн. Әлем елдерінде тойланатын бұл мейрам олардың бақытты өмір сүруіне жағдай жасауды көздейді.



Жас ұрпақтың сапалы білім алып, дені сау болып өсуі – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Еліміздің бас қаласы – Астанада да балаларға қолайлы орта қалыптастыру бағыты қарқынды дамып келеді. Бүгінде елордада 430 мыңнан астам бала тұрады. Бұл – тұрғындардың елеулі бөлігін құрайтын көрсеткіш. Соңғы уақытта халық санының өсуіне байланысты жаңа мектептер мен балабақшалар салынып, қосымша білім беру ұйымдарының желісі кеңейтілуде. Астанада жүздеген білім беру мекемесі жұмыс істеп, мыңдаған оқушыға сапалы білім алуға мүмкіндік беріп отыр.

Балдырғандардың жанжақты дамуына жағдай жасау мақсатында елордада спорт секциялары, шығармашылық үйірмелер, балалар технопарктері мен заманауи ойын алаңдары көбейіп келеді. Сонымен қатар ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау, инклюзивті білім беру жүйесін дамыту бағытында да нақты жұмыстар атқарылуда. Денсаулық сақтау саласында медицина қызметінің қолжетімділігі артып, профилактикалық тексерулер мен вакцинация бағдарламалары тұрақты жүргізілуде.

Мереке қарсаңында еліміздің барлық өңірінде мәдени-танымдық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Балаға көрсетілген қамқорлық – елдің ертеңіне салынған инвестиция. Ал балаларға жасалған әрбір игі іс ертеңгі күніміздің табысты болуына негіз болмақ.



ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Астана қаласындағы Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицей жанындағы «Marvel camp» жазғы лагері өз жұмысын бастады. Лагерь бағдарламасы балалардың бос уақытын мазмұнды өткізуге, шығармашылық қабілетін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және экология мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Шапағат ӘБДІР

Жазғы лагерь аясында ұйымдастырылған «Этноауыл» және «Green city» аймақтары оқушылардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырып, зерттеушілік, шығармашылық және топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады. Әсіресе мектеп ауласында арнайы тігілген киіз үй балалардың ерекше қызығушылығын тудырды. «Этноауыл» жобасы барысында оқушылар қазақ халқының бай мәдени мұрасымен, салт-дәстүрлерімен және ұлттық ойындарымен танысты. Онда балалар бес асық, тымақ ұру, ханталапай, лаңгі тебу, сақ ату секілді ұлттық ойындарға қатысып, халқымыздың тарихы мен мәдениеті туралы мол мағлұмат алды. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды құрметтеудің маңызын түсініп, ата-бабадан қалған асыл мұраны дәріптеуге бағытталған танымдық іс-шараларға белсене қатысты. Бұдан бөлек, лагердегі ерекше локация – «Green city» экология аймағы. Жоба оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруды көздейді. Аталған аймақта өсімдік отырғызу, көгалдандыру, гүлдер мен ағаштарды күтіп-баптау, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған практика жұмыстары ұйымдастырылды. Нәтижесінде қатысушылар экожүйені сақтау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және табиғатқа жанашырлықпен қарау қағидатын тәжірибе жүзінде көрді.



– Біздің жазғы лагерімізге күн сайын шамамен 280 бала қатысады. Лагерь аумағында 7-8 түрлі бағыттағы локация жұмыс істейді. Әр локация арқылы балдырғандар жаңа білім алып, түрлі өмірлік дағдыларды меңгереді. Халықаралық балаларды қорғау күнінде лагерь маусымының салтанатты ашылуын жасадық. Осыған байланысты таңертең сағат 8:30-дан бастап оқушыларды қабылдағанбыз. Сағат 9:00-де таңғы жаттығу жасап, одан кейін балалар таңғы ас ішті. Осылайша, күннің негізгі бөлігінде түрлі танымдық, спорттық, шығармашылық және зияткерлік іс-шаралар ұйымдастырылып, қызығушылығына қарай әртүрлі үйірмелер мен жобаларға қатысты. Жалпы лагерімізде балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінеді. Тамақтану, медициналық бақылау, демалыс пен бос уақытты тиімді ұйымдастыру – барлығы толық қамтылған. Әр отрядқа екі тәлімгерден бекітілген. Олар – мектебіміздің білікті мамандары. Тәлімгерлер балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, тәртіп сақтау, өзара сыйластық, ұжыммен жұмыс және жауапкершілік қағидаларын үйретеді. Басты мақсатымыз – балақайлардың жазғы демалысын қызықты әрі пайдалы өткізіп, олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, – деді аталмыш мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айна Күлсімбайқызы.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖҮЙЕЛІ БАҚЫЛАУ КЕРЕК



Астана қаласында жыл басынан бері 878 жол-көлік оқиғасы тіркелді, соның салдарынан 1031 адам түрлі дене жарақатын алып, 9 адам қаза болды. Апаттылықты талдау нәтижесіне сәйкес жол-көлік оқиғаларының ең көп болатын түрлері – жаяу жүргіншіні қағып кету және қарсы бағытта соқтығысу. Елордадағы жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты өзге де мәселелер бойынша Астана қаласы Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Махамбет Маратұлы ТӨЛЕШОВПЕН аз-кем сұхбат құрған едік.

– Махамбет Маратұлы, қалада жыл өткен сайын жеке көлік саны көбейіп, ол кептелістің күшеюіне ғана емес, жол-көлік оқиғаларының да көбеюіне әсер етуде. Жалпы жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері неде?

– Көбіне жүргізушілердің жылдамдық режимін сақтамауы, жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзуы, қауіпсіз арақашықтықты сақтамауы, маневр жасау талаптарын орындамауы, сондай-ақ жаяу жүргіншілердің белгіленбеген жерден жолды кесіп өтуі сияқты жайттар түрлі апаттарға себеп болады. Сондай-ақ жол белгілері мен бағдаршам талаптарын елемеу, көлік құралдарын рұқсат етілмеген орындарға қою, қоғамдық көлік жолақтарына шығу, қарсы бағытқа шығу және жаяу жүргіншілерге жол бермеу де кездеседі. Сонымен қатар ауа райының қолайсыздығы мен көлік ағынының артуы да жол-көлік оқиғаларының орын алуына әсер етуде. Мысалы, жыл басынан бері жол белгілері мен таңбаларының талаптарын, сондай-ақ қиылыстардан өту ережелерін сақтамаудың 120 мың фактісі тіркелді. Сондай-ақ жаяу жүргіншілер өткелдерінен өту ережелерін бұзудың 20 мыңнан астам фактісі анықталды.

– Ал жаяу жүргіншілер тарапынан болатын қандай заң бұзу фактілері жиі кездеседі? Оларға қандай ескертулер беріледі?

– Жаяу жүргіншілер тарапынан жиі кездесетін құқық бұзушылықтарға жолды белгіленбеген жерден кесіп өту, бағдаршамның тыйым салатын белгісі тұрса да жүру, құлаққап немесе телефон қолдана отырып жол қозғалысына назар аудармау фактілері жатады. Жыл басынан бері осындай 14 мыңнан астам факті тіркелді. Жол жүру ережесінде жаяу жүргіншілер үшін де қатаң талаптар бар екенін атап өткім келеді. Атап айтқанда, олар жаяу жүргіншілер өткелінен өтпес бұрын автокөліктердің тоқтағанына және өздеріне жол беріп тұрғанына көз жеткізуге міндетті. Өкінішке қарай, көптеген жаяу жүргіншілер қауіпті сезінбейді және «бұл – жаяу жүргіншілер өткелі, сондықтан мұнда мен басты адаммын» деп ойлап, аталған талаптарды дөрекі түрде елемейді. Біз бұл тақырыпта «Жаяу жүргінші» деп аталатын бөлек жедел-профилактикалық іс-шараларды өткізіп жатырмыз. Соның аясында кең ауқымды түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, бейнероликтер әзірленуде. Бұл роликтер WhatsApp мессенджеріндегі үй чаттарына таратылады, сондай-ақ жол бойындағы медиабордтардың, сауда-ойын-сауық орталықтары мен кинотеатрлардың экрандарында көрсетіледі.

– Жеке көлік иелеріне қатысты қандай цифрлық шешімдер енгізілуде, яғни олардың ереже бұзғанын анықтау жеңілдеді ме?

– Қазіргі таңда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында цифрлық бақылау жүйелері кеңінен енгізілуде. Атап айтқанда, «Жасанды интеллект негізіндегі қалалық инфрақұрылымды басқару шешімі» жобасы аясында («Presight AI Ltd» компаниясы) жол қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіп саласындағы 15-тен астам әкімшілік құқық бұзушылық түрін анықтап, тіркейтін аппараттық-бағдарламалық кешен енгізу көзделген.

Көше-жол желісінің өсуіне, жаңа автожол учаскелерінің пайдалануға берілуіне және азаматтардан келіп түсетін өтініштердің артуына байланысты «Сергек» камералары көбірек орнатылуда. Бұл жүйелер жүргізушілердің ереже бұзу деректерін жедел анықтап, әкімшілік шара қолдануды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Биыл жыл басынан бері фотобейне тіркеу жүйелері арқылы 271 065 жол қозғалысы ережесін бұзу фактісі анықталды.

– Астанада ең жиі ЖКО болатын қауіпті көшелер қай жер?

– Қазіргі таңда нақты бір апатты учаске бар деп айтуға болмайды. Дегенмен, «102» телефонымен жол-көлік оқиғалары бойынша хабарламалар жиі түсетін көшелер бар, олар – елорданың негізгі магистральдық көшелері.

– Қалада қанша жеке көлік бар? Қаншасы транзитпен келеді?

– Қала аумағында тіркелген жеке көлік құралдарының саны жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар елордаға күн сайын өңірлерден және транзиттік бағыттар арқылы едәуір көлемде автокөлік кіреді. Бұл жағдай жол қозғалысының тығыздығына әсер етіп, жол-көлік оқиғаларының тәуекелін арттырады. Бүгінгі таңда Астанада барлығы 459 543 автокөлік құралы тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 36,4 мыңға артық. Сонымен қатар қалаға күн сайын 80 мыңнан астам транзиттік автокөлік кіреді.

– Жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін департамент тарапынан қандай шаралар қолданылады?

– Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында Полиция департаментінің тарапынан «Қауіпсіз жол», «Автобус», «Жаяу жүргінші» «Внимание – Пешеход» секілді жедел-профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі. Сонымен қатар жол қозғалысына талдау жүргізіліп, қауіпті учаскелерде патрульдік бақылау күшейтіледі, білім беру ұйымдарында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады, цифрлық бақылау жүйелері мен бейнекамералар саны арттырылады.



– Полиция департаментінің саптық бөлімшелерінің жеке құрамы қызмет атқарудың күшейтілген режиміне қандай жағдайда ауыстырылады?

– Полиция департаментінің саптық бөліністерінің жеке құрамы күн сайын жол қозғалысын бақылайды және қоғамдық тәртіпті сақтау мен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мереке күндері, бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде, төтенше жағдайлар туындағанда, ауа райы күрт нашарласа және жедел жағдайдың күрделенуіне байланысты қызмет атқарудың күшейтілген режиміне ауыстырылады. Бұдан бөлек жол қозғалысын қадағалауды күшейту аясында мақсатты жедел-профилактикалық іс-шаралар жүйелі түрде өткізіледі. Апаттылықты талдау негізінде патрульдеу бағыттары түзетіліп, апат қаупі ең жоғары учаскелер қамтылады.

Райхан РАХМЕТОВА



СТАЛКИНГТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Астана қаласында сталкингтің алдын алу үшін қандай іс-шаралар атқарылып жатқаны белгілі болды. Астана қаласы прокуратурасының Сотқа дейінгі тергеп-тексеру және қылмыстық құдалаудың заңдылығын қадағалау басқармасының прокуроры Қайсар Сағынбай Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте осы бағытта атқарылып жатқан шаруалар туралы мәлімет берді.


2025 жылғы 16 шілдеде ҚР Қылмыстық кодексі 115-1-баппен толықтырылып, «сталкинг» үшін қылмыстық жауаптылық енгізілді. Аталған заң 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап аталған норма ресми түрде заңды күшіне енді. Жаңа құқықтық норма азаматтарды жүйелі түрде құдалаудан, психологиялық қысым көрсетуден және жеке өмірге заңсыз араласудан қорғауға бағытталған.

Сталкинг – адамның еркінен тыс оған байланыс орнатуға, аңдуға немесе әрекеттерін бақылауға бағытталған, зорлық-зомбылықпен ұштаспайтын, елеулі зиян келтіруге алып келген әрекеттерден көрінетін заңсыз құдалау. Мұндай әрекеттер жәбірленушіде алаңдаушылық, қорқыныш және жеке қауіпсіздігіне қатысты үрей тудырады. Қазіргі таңда азаматтарды жүйелі түрде құдалау, телефон қоңыраулары, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы мазалау, аңду, психологиялық қысым көрсету және өзге де заңсыз әрекеттер жасау фактілері жиілеп келеді. Көп жағдайда мұндай әрекеттердің құрбандары бұрынғы жұбайлар, қарым-қатынастан бас тартқан қыз-келіншектер, сондай-ақ ұзақ уақыт психологиялық қысым мен бақылауға ұшыраған азаматтар болып табылады.

ҚР заңнамасына сәйкес сталкинг жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. ҚР ҚК-нің 115-1-бабына сәйкес кінәлі тұлғаларға 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу, сол мөлшерде түзеу жұмыстары, 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу түріндегі жазалар көзделген.

– Қазіргі уақытта сталкинг фактілерінің едәуір бөлігі ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы жасалады. Цифрлық құдалаудың кең таралған түрлеріне жалған аккаунттар ашу, мессенджерлер арқылы үздіксіз хабарламалар жіберу, жеке деректерді тарату, геолокацияны бақылау, аккаунттарды бұзу, жасырын фото және бейнетүсірілім жүргізу жатады, – дейді прокурор Қайсар Сағынбай.

Мұндай әрекеттер азаматтардың жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын бұзып, адамның қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіруі мүмкін. Тәжірибе көрсеткендей, сталкинг құрбандары – көбіне бұрынғы жұбайлар мен серіктестер, қарым-қатынастан бас тартқан қыз-келіншектер, ұзақ уақыт психологиялық қысым мен бақылауға ұшыраған азаматтар. Жүйелі құдалау жәбірленушілерде алаңдаушылық, қорқыныш және тұрақты эмоционалдық күйзеліс тудырады. Көп жағдайда сталкинг құрбандары өмір салтын өзгертуге, араласатын ортасын шектеуге, күнделікті бағыттарын, жұмыс орнын немесе тіпті тұрғылықты жерін ауыстыруға мәжбүр болады. Осыған байланысты құқық қорғау органдары азаматтарды мұндай фактілерге бейжай қарамай, дер кезінде көмек сұрауға шақырады.



№64 (4962) 02/06/2026 Сейсенбі

ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ: НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

20 мамырда Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар екінші оқылымда 6 Конституциялық заңды қабылдады. Олар: «Қазақстан Республикасының Президенті туралы»; «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы»; «Қазақстан Халық Кеңесі туралы»; «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы»; «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы»; «Бірқатар конституциялық заңдарды Конституцияға сәйкестендіру туралы» (сайлау туралы, республикалық референдум туралы, Үкімет туралы, сот жүйесі туралы, Конституциялық Сот туралы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы, Прокуратура туралы және басқа да заңдар).

«Аталған конституциялық заңдар пакетінің қабылдануы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бастамалардан нақты құқықтық тетіктерге дейінгі жүйелі әрі дәйекті сипатын бекітеді. Бұл – жаңартылған мемлекеттік-саяси модельдің құқықтық негіздерін нығайтатын 2026 жылғы Конституциялық реформаны жүзеге асырудағы аса маңызды кезең» деп жазды бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшасында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

БҰЛ ҚҰРЫЛТАЙ ҚАЙ ҚҰРЫЛТАЙ?

Заңнамалық құжатқа сәйкес, елімізде қазіргі екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай құрылады. Мәжіліс депутаты Айдос Сарым парламенттік реформадағы осы өзгерістің тарихи маңызын түсіндіріп берді. «Мемлекетіміздің тарихи мәнін ескере отырып, бүгін біз мемлекеттік билік жүйесіне «Парламент» сөзінің орнына «Құрылтай» ұғымын қайтарамыз. Дегенмен қазіргі Құрылтай тарихи Құрылтайды бұрынғы қалпында қайта жаңғырту емес» деді ол. Заңнамаға сәйкес, жаңа Құрылтай заң шығарушы билікті жүзеге асыратын жоғары өкілді орган болады. Ол бір палаталы жүйемен жұмыс істейді және бес жыл мерзімге сайланатын 145 депутаттан құралады. Депутаттар пропорционалды жүйе арқылы сайланады. Айдос Сарым бір палаталы жүйеге көшу заң шығару процесінің ашықтығын арттыруға және саяси жауапкершілікті күшейтуге бағытталғанын айтады. «Тарихи тұрғыда жоғарғы палаталар өңірлердің өкілдігі үшін немесе терең әлеуметтік дағдарыстар кезеңінде қосымша сүзгі ретінде құрылған» деді ол.



«Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» заңда Құрылтайдың Үкіметпен өзара іс-қимыл тәртібі, депутаттардың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері де нақты көрсетілген. Сонымен қатар парламенттік көпшілік пен оппозицияны қалыптастыру, депутаттық әдеп нормалары және депутаттық бірлестіктердің жұмысы реттеледі. Құжатта Құрылтайдың қазіргі Парламенттің құқықтық мирасқоры болатыны да көрсетілген. Ал заң күшіне енгеннен кейін Мәжіліске енгізілген барлық заң жобасы жаңа регламент бойынша Құрылтайда қаралады. Заң жобасы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Осыған орай қазіргі «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» және «Парламент комитеттері мен комиссиялары туралы» заңдардың күші жойылады.

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТТІҢ МІНДЕТІ НЕ?

Бірлескен отырыста депутаттарға «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасын таныстырған Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев вице-президент институтының маңызын түсіндірді. Конституциялық заңның 3-тарауында вице-президентті президенттің Құрылтай келісімімен тағайындау тәртібі, үміткерге қойылатын нақты біліктілік талаптары белгіленген. Министр түсіндіргендей, вице-президенттің негізгі функциясы – Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кезінде Президенттің атынан өкілдік ету. Сондай-ақ министр вице-президенттің қызметін Президент әкімшілігі қамтамасыз ететінін айтты. «Заң бойынша Президент мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын ең жоғары лауазымды тұлға мәртебесін сақтап қалады» деді Е.Сәрсембаев.

Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжан заңнамадағы өзгерістердің мазмұнына тоқталды. «Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының мызғымас кепілі әрі символы болып қала береді» деді ол. Құжатқа сәйкес, Президент бірқатар жоғары лауазымды тұлғаны жеке өзі тағайындайды. Олардың қатарында Бас прокурор, Конституциялық сот төрағасы, ҰҚК төрағасы, Ұлттық банк төрағасы, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және Мемлекеттік күзет қызметінің басшысы бар. Ал Құрылтай келісімі арқылы: Вице-президент; Премьер-министр; Конституциялық соттың 10 судьясы; Жоғары аудиторлық палатаның 8 мүшесі; Орталық сайлау комиссиясының 6 мүшесі; Жоғарғы сот судьялары тағайындалады немесе сайланады. Депутаттар мұндай жүйе билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік беретінін айтады.

ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БАР?

Бірлескен отырыста «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер енгізу мәселесі де қаралды. Заң жобасын таныстырған Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин құжат бұрынғы сайлау науқандары кезінде анықталған мәселелерді шешуге бағытталғанын түсіндірді. Заңдық құжаттағы маңызды өзгерістің бірі – әкім сайлауындағы тең дауыс мәселесін шешу тетігі. Егер үміткерлер бірдей дауыс жинаса, аумақтық сайлау комиссиясы бір ай ішінде қайта дауыс беру өткізу туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар бір адамға бір мезгілде әрі мәслихат депутаттығына, әрі әкімдікке үміткер болуға тыйым салынады. Бірнеше округ бойынша қатар әкімдікке түсуге де рұқсат берілмейді.

Серік Жұманғарин онлайн үгіт-насихат мәселесіне де ерекше назар аударылғанын айтты. Енді барлық үміткерге интернет-платформаларда тең мүмкіндік берілуі тиіс. Егер үміткер саяси партия атынан ұсынылса, партияның ресми сайттары мен әлеуметтік желідегі парақшаларын қосымша келісімшартсыз пайдалана алады. Заңда сайлау қорларынан тыс қаржы тартуға тыйым салу нормасы да енгізілген. Бұл сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ сенімді тұлғаларға қойылатын талаптар күшейтіледі. Енді тек 18 жасқа толған Қазақстан азаматы ғана сенімді тұлға бола алады. Әкімдікке үміткерлерді қолдау тәртібі де өзгереді. Үміткерді қолдау үшін округтегі елді мекендердің жартысынан және сайлаушылардың кемінде 1 пайызынан қол жиналуы қажет.

БЕЛГІЛІ ТҰЛҒАНЫҢ БЕЙМӘЛІМ ҒҰМЫРБАЯНЫ

НЕМЕСЕ ДІНМҰХАМЕД СҰЛТАНҒАЗИН ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНМЕН ТУЫС ПА?

Шоқан Уәлихановтың досы Григорий Потанин өзінің «О ПОЕЗДКЕ В АУЛ ЧИНГИСА ВАЛИХАНОВА» деген жазбасында Шоқанның әкесі Шыңғыстың ауылына онымен бірге Петроград университетінің студенті – Тоқырауын өзенінің жағасында туған жас сұлтан (төре) Сұлтанғазин аудармашы ретінде бірге жолсерік болып барғанын жазады. Потанин жайында «Қазақ» газеті: «Потанин, Михаэлис сияқты адамдар тарих жүзінде бізге пайдалы һәм бізге сирек келетін адамдар. 79 жастағы шал қазақтың ертегісін, өлеңін, әндерін, ою-өрнектерін жиюды керек қылып жатқаны – қазақ жұртын сүйгендіктен істеп жатқан іс» деп баға берген.

Дінмұхамед Сұлтанғазин. Бұл есімге жалпы қазақ журналистикасының, оның ішінде «Дала уәләяты газетінің» тарихына қызығушылық таныткан кез келген жан жолығады. «Дала уәлаятының газеті» – 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін Омбы қаласында қазақ, орыс тілдерінде «Акмолинские областные ведомоства» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған ресми газет. Редакторлары Дінмұхамед Сұлтанғазин мен Есмұхаммед Абылайханов болған.

Газеттің ресми бөлімінде патша әкімшілігі мен жергілікті билік органдарының аймақты басқаруға қатысты жарлықтары, қаулылары және басқа да құжаттары жарияланды. Газетте сондай-ақ орыс ғалымдары мен жазушыларының жергілікті халықтардың тарихы, этнографиясы және мәдениеті туралы еңбектері де атап өтілді. Қазақ ауызша фольклорының үлгілері, соның ішінде «Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Бозжігіт», «Еңлік-Кебек», Алдар-Көсе пен Жиренше-Шешен туралы аңыздар мен ертегілер жарияланды; аударылған шығармаларға Қожанасыр туралы әңгімелер, «Мың бір түн» жинағынан ертегілер, «Ләйлә мен Мәжнүн» поэмасы және басқалары кірді.

«Дала уәлаятының газеті» жергілікті халық арасында алғашқы қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов және И.Алтынсариннің көзқарастарын насихаттаған алғашқы басылымдардың бірі болды. М.Ж.Көпеев, Шәкәрім, Ә.Н.Бөкейханов және басқа тұлғалардың шығармалары жарық көрді. Дінмұхаммед Сұлтанғазин – екі жоғары білім алған бірінші қазақ – (1895 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыстану және құқық факультеттерін бітірген). Қазақша, орысша, арабша, парсышамен қатар латын және неміс тілдерін білген. Өмірінің соңында Баку қаласында ұстаздық қызмет атқарғанына қарап, әзербайжан, түрік тілінде де еркін сөйлеген деп топшылауға болады.


Дінмұхамед Сұлтанғазин – қазақ публицистикасының негізін қалаушылардың бірі. Өз заманында «Дала уәлаятының газетінде» маңызы мақалалар жариялап отырған. Мысалы, ол сонау 1890 жылы «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты ауыз сөз» деген мақаласында ең алғашқылардың бір болып тіл туралы мәселе көтерген. Сұлтанғазиннің жай ғана тәржімеші – редактор емес, әртүрлі тақырыптарға түрен салған, қазақ жастарының қалыптасуына, олардың таным көкжиегін кеңейтуге аямай үлесін қосқан, ағартушылыққа үлкен мән берген азамат. Болашақ алаш арыстары осы газетті оқып өскеніне ешқандай күмән жоқ.

Жоғарыда айтылғандай, оның Тоқырауын өзенінің бойында туғанын Г.Потанин айтып кеткен. Оның төренің ұрпағы екендігі де белгілі болған. Бір қызығы, сол өңірдегі төрелер шежіресінде Дінмұхаммед Сұлтанғазин жоқ. Тағы бір мәселе осы уақытқа дейін Дінмұхаммед Сұлтанғазиннің әкесінің аты белгісіз болып келген, сосын өзі кейде Газин деп те жазған. Кейінгі тағдыры белгісіз. Баку қаласында қайтыс болған. Бірақ қайда, қандай сабақ бергені белгісіз.

Мұрат Өтеп деген жігіттің ізденіп, жан-жаққа сұрау салып, Сұлтанғазиннің Томскі медицина университетінде оқып жүргендегі құжатын тауып алған. Онда Ханқожаұлы деп тұр. Барақ сұлтанның баласы, қазақтың соңғы хандарының бірі – Бөкей. Бөкейден – Батыр, одан – Мырзатай, одан – Әлиханның әкесі Нұрмұхамед. Бөкейдің тағы бір баласы Сұлтанғазыдан туатын Ханқожадан Дінмұхаммед туады. Әлиханмен шөбере туыс болып шығады және бір жас кіші. Неге Әлихан бұл бауыры жайында жазбаған, ол белгісіз. Ханқожа 1830 жылы туған. Дінмұхаммед 1867 жылғы.

Д.Сұлтанғазиннің Ханқожаға қатысы барлығына тағы бір жанама дерек. Г.Н.Потаниннің өтінішімен Д.Сұлтанғазин туған ауылында, Тоқырауын бойында ертегілер, аңыздар, кейбір халық ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алған. Соның бір дәлелі ретінде 1916 жылы Г.Н. «Живая старина» журналының екінші нөміріне Потаниннің редакциялауымен шыққан Д.Сұлтанғазиннің сұлтан Ханқожадан естіп жазып алған, бір әңгімесін аударып беріп отырмыз. Аңызда Шыңғыс ханның атасы болып келетін Дүйін баян жайында.

«Дүйін Баянның Буданшар, Қағыншар және Салжұт деген ұлдары болған. Шежіреде Бөденетей және Белгітай деген ағайындары болғаны айтылады, сонымен қоса Тағанатай мен Тарғылтай деген есімдерді қосады. Дүйін Баянның ұлдары бірінші әйелінен болды, одан кейін Алаңғуға үйленді. Дүйін Баян дүниеден өтіп бара жатып Алаңғуға былай деді: «Ол оған (кейін өлген соң) сәуле (нұр) болып келіп, кетерінде қасқырға айналады». Ол солай келді, кетерінде «Шыңғыс! Шыңғыс!» деп ұрандады. Алаңғу Шығысты



туды. Ағайындары айтты: «Бала әкесіз, яғни ол заңсыз әкеден туды». Олар Шыңғысты өлтірмек болды. Шыңғыс бала болса да Керулен өзенінің ағысына қарсы қашты. Қашып бара жатып, өзенге құстың қауырсынын лақтырып отырды, анасы сол арқылы амандығын біліп отырды. Халық Шыңғыстың ағаларын жек көре бастады, өйткені олар халықты қатыгездікпен жаныштады.

Майқы би бастаған он екі би зарын айтып, жылап келіп анасынан оларға Шыңғысты беруін сұрады. Анасы айтты: «Өзенге барыңдар, не нәрсе көресіңдер, бақылаңдар» деп. Олар өзенге келгенде қалқып аққан қауырсындарды көрді. «Егер өзенде қауырсын ағып жатса, онда ол тірі, ағысқа қарсы жүріңдер, судағы аққан қауырсындарды бақылап отырып оны тауып аласыңдар» деді. Билер жаяу жүріп кетті. Анасы: «Ол кәрі ат мініп жүреді, қолында сұңқары болады. Тек Дүйін деп айғайлау керек» деп айтты. Билер келіп қолында сұңқары бар періштедей жас жігітті көрді. «Дүйін» – деп ұрандады билер. Ол бірақ бір көрінбей кетіп қайта шыққан кезде билер тағы бір «Дүйін» деп ұрандады. Шыңғыс тағы көрінбей кетті. Үшінші рет көрінген кезде билер тағы да бір «Дүйін» деп ұрандады. Бұл жолы ол тұра қалды, үшінші ретте ол сөзге келе бастады. Билер жылап, «Дүйін Шыңғыс» деп ұрандады». Ол «Мен жайында кім айтты?» деп сұрады. «Сенің анаң – Алаңғу, біз хансыз өмір сүре алмаймыз, сенің ағаларың елді зарлатты» деді билер. «Мен барайын, бірақ қалай барамын?» деп сұрады Шыңғыс. «Арбамен апарамыз» деді билер. Олар арба жасап, оған Шыңғысты отырғызды. Майқы би ақсақ болатын. «Мен сенімен бірге арбада отырамын, өйткені мен ақсақпын, әрі басқа билер арбаны тартқанда билерді басқарып отырамын» деді Майқы би. Екеуі арбада отырды, қалған билер арбаны тартып келе жатты. Арба Алаңғудың үйінің алдына келіп, Шыңғыс пен Майқы би арбадан түскен кезде Шыңғыстың артынан киіз үйге билерден бірінші болып кім кіреді деген сұрақ туындады. Шыңғыстан рұқсат сұрады. «Алдыда кім жүреді, арбаны тартқан өгіздер ме, әлде оларды айдаған иесі ме?» деп сұрады Майқы би. Шыңғыс күліп жіберіп, «Әрине, иесі жүреді» деді. Осыдан кейін Майқы би Шыңғыстың бірінші биі болды. Күрлеуіш Алтын ханның әйелі болды, Бөртекүшін Шыңғыс ханның әйелі болды». Әңгімені Сұлтанғазин марқұм сұлтан Ханқожадан (Тоқырауын өзенінде) естігенінен жазған.

Сұлтан ЫБЫРАЙ,
абайтанушы ғалым

БАЛАЛАРДЫҢ БАҚЫТТЫ БОЛУЫ МАҢЫЗДЫ



Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай «Астана» футбол клубы, Қазақстан футбол федерациясы мен «Сауап тобы» қайырымдылық қорының бірлесе футбол мерекесін ұйымдастырды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Бұл іс-шараның басты мақсаты – инклюзивті балаларды барынша қолдау, қоғамға, белсенді өмірге тарту, сондай-ақ бала отбасының өрісі, ұрпақ жалғастығы екенін аңғарту.

Сонымен қатар «Сауап тобы» қорының құрылтайшысы Сұлтанбек Абзалбек мырза бұл іс-шараның мән-маңызына тоқталды.

– Бұл іс-шара әр жыл сайын өткізіліп келеді. Бұл жолы да арнайы балалар күніне орайластырдық. Балаларға футболка, бейсболка, доптар әртүрлі спорттық сыйлықтар тараттық. Осындай жақсылықтардан кейін, адамның өзі де жақсарып, қоғамға үлес қосып жатқанымызға ризамыз. Алдағы уақытта осы балаларға арналған шағын футбол алаңы салынса деген тілегіміз бар, – деді іс-шара демеушісі.



ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Еңбек сіңірген қайраткер Сүндет Байғожин да өз ой-пікірін білдірді.

– Балалардың жағдайын ойлап, Балалар күніне орай футбол ойынын ұйымдастырғанына қуанып қалдық. Бір уақыт баланы әкеліп, спорттық іс-шараларды көрсетіп, көңіл-күйлерін жақсартып, бір серпілтіп алғанымыз дұрыс болды. Қоғам үшін әр баланың өз орны бар. Ең бастысы, балалар бақытты баянды ғұмыр кеше бергей, – деді ол.

Балаларға «Астана» футбол клубының негізгі құрамының ойыншылары Руслан Уәлихан, Айтуар Төкен мен жастар құрамасының ойыншылары Нұрсат Нұрмұхамбет, Абзал Сағын, Арсен Ахметов атсалысып, қолтаңба-сессия ұйымдастырды.

Сонымен бірге, ойыншылар мен Футбол орталығының тәрбиеленушілері доп тебудің қыр-сырын көрсетті.

– Бұл шараның маңызы зор. Әсіресе балаларға жақсы әсер етті. Бұл тек футбол кеші емес. Сондай-ақ өнерпаздар өнерін көрсетіп, аниматорлар балаларға қуаныш сыйлады. Біздің ойыншылар игі істерге атсалысып жүр. Мұндай қайырымдылық істер жалғасын таба берсе екен, – деп түйді футболшы Айтуар Төкен.



АДАМДЫ ЖЫЛЫ СӨЗ ДЕ ЕМДЕЙДІ

Адам жасы келгенде басы ауырып, балтыры сыздайды. Сондай қиналған сәтте дәрігерге жүгінеміз. Мен де денсаулығым сыр берген соң Астана қаласындағы №9 емханаға бардым.№59 учаскенің дәрігері Әйкерім Дәкенова мен медбике Гүлмира Құланбаева жаны қиналып келген жандарды жылы сөзімен де емдей білетін білікті мамандар екеніне сол жолы көзім анық жетті. Мен ғана емес, емханаға келген басқа да жандардың олар туралы жылы лебіздерін естідім.

Дәрігер болу ең бірінші білімділікті талап ететіні рас. Адам баласына ең керекті нәрсе – жылы сөз. Жаны ауырған адам дәрігерден жақсы ем-дом жасаумен бірге мейірімділікті керек етіп тұрады. Учаскелік дәрігер Әйкерім Дәкенова мен медбике Гүлмира Құланбаева осыны жақсы түсінеді. Сондықтан мыңның алғысына бөленіп жүрген олардың ақ адал еңбегі мен мейірімділігіне шын жүректен алғыс айта отырып, оны өзім көптен сүйіп оқитын «Астана ақшамы» газеті арқылы көпшілікке жеткізуді жөн көрдім. Еңбектерің жана берсін, ақ желеңді абзал жандар!

Асқар АХМЕТОВ,
Астана қаласының тұрғыны

Arqa ALAN ЭТНОФЕСТИВАЛІ

Астанадағы Arqa ALAN ұлттық спорт түрлерін дамыту орталығында Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Ethno Games Arqa ALAN этнофестивалі өтті.



Этнофестивальді Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі орталығы ұйымдастырды. Оған қала мектептерінің 2-11 сынып оқушылары қатысты. Қатысушылар асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ және қазақ күресі бойынша өзара бақ сынады.

«Біздің орталық балалар мен жасөспірімдерге дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық бағыттары бойынша қосымша білім беріп, түрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастырады. Жазғы сауықтыру кезеңінде қала мектептерінде спорттық бағдарламалар өткіземіз. Негізгі мақсатымыз – балалардың спортқа, білімге және ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру. Биылғы «Дидарлы жаз» бағдарламасына Астана қаласы бойынша 117 мектеп қатысып отыр. Бағдарлама аясында жаз бойы 13 мыңнан астам оқушыны қамту жоспарланған» деді Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының директоры Ғинаят Сыздықов.

Этнофестивальге қатысқан оқушылар да ұлттық ойындардың маңызын атап өтті. Олардың бірі – №90 мектеп-гимназияның оқушысы Раяна Нышан.

«Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған бүгінгі жарысқа қатысып жатқаныма қуанып отырмын. Мен Arqa ALAN орталығында бір жылға жуық уақыттан бері бес асық ойынымен айналысып келемін. Бұл ұлттық ойынға ерекше қызығамын. Бес асық адамныңептілігін арттырып, шапшаң ойлауға үйретеді. Бүгінгі сайысқа қаланың әртүрлі мектептерінен оқушылар жиналды. Осындай мерекелік шаралар балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Болашақта бес асық ойынын одан әрі дамытып, оның кеңінен насихатталғанын қалаймын» деді ол.



СУҒА ТҮСКЕНДЕ АБАЙ БОЛ!



Астанада шомылу маусымы ресми түрде тек 1 маусымда басталып, 31 тамызға дейін жалғасады. Құтқарушылардың айтуынша, алдын алу шаралары күшейтілгенімен, су айдындары әсіресе балалар мен өз күшіне шамадан тыс сенетіндер үшін қауіп төндіретін демалыс орындарының бірі болып отыр.

Қазіргі уақытта қала мен оның маңындағы су айдындарындағы жағдай тұрақты, жыл басынан бері төтенше жағдайлар тіркелген жоқ. Қайғылы жағдайлардың негізгі себептері – арнайы жабдықталмаған орындарда шомылу, қауіпсіздік ережелерін бұзу және балаларды қараусыз қалдыру. Астана қаласында шомылуға рұқсат етілген 5 орын белгіленген. Оларға «Армина», «Столичный двор», «Три пескаря» демалыс аймақтары, Орталық қалалық жағажай және коммуналдық жағажай жатады.

Жабдықталған жағажайларда құтқару бекеттері, медициналық пункттер, құтқару құрал-жабдықтары, ақпараттық стендтер, қалқымалы қоршаулар, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіз демалуы үшін қажет жағдайлар қарастырылуы тиіс. Алайда көбі әлі күнге дейін су түбі тексерілмеген «жабайы» жағажайларға барғанды жөн көреді. Онда су астында шыны, арматура, құбырлар, тастар және басқа да қауіпті заттар болуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай орындарда құтқару мұнаралары мен медициналық көмек көрсетілмейді. Елордада шомылуға тыйым салынған барлығы 21 учаске белгіленген. Құтқарушылар мынадай қателіктер жиі қайталанатынын атап өтті: қалқымалардан асып жүзу, бейтаныс жерлерде суға секіру, балаларды қараусыз қалдыру және қауіпсіздік шараларын сақтамай үрлемелі матрастарды немесе дөңгелектерді пайдалану. Бұл ретте көпшілік жеңқап киген немесе үрлемелі дөңгелекпен жүрген бала қауіпсіз болады деп ойлайды. Алайда мұндай құралдар толық қорғанысқа кепілдік бермейді: олар аударылып қалуы, ауасы шығып кетуі немесе баланы жағадан алыстатып әкетуі мүмкін.

№64 (4962) 02/06/2026 Сейсенбі

БАУЫРЛАРДА БІРЛІК, ТАТУЛЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ...

Астаналықтар Музыкалық жас көрермен театрының сахнасынан белгілі режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» драмасын тамашалады. Спектакльді елордаға гастрольдік сапармен келген Қарағандының «Dat» тәуелсіз театры ұсынды. Туған бауырлардың бір қалада тұрып, күйбең тіршіліктің кесірінен бір-бірімен араласпауын, ауылдағы қара шаңыраққа бас сұқпай, ақ сүт беріп өсірген аналарының халжағдайына қарайласпауын, басқа да қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеретін қойылымның қоюшы режиссері – аталмыш театрдың жетекшісі және бас кейіпкерлерінің бірін сомдаушы Дунай Еспаев.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Бір түп алма ағашы» бұған дейін талай театрда сахналанды. Пьесаны қаламгер Қайырбек Сәдуақасов орыс тіліне аударып, сол тілде де ұсынылды. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары жазылған туынды тоқырау кезеңіндегі жұрттың жағдайынан емеурін танытады. Бірақ қазір өмір, қоғам өзгерді ме? Бір туған бауырлар бір-біріне неге жаттай болып кетеді? Өздеріне ғұмыр сыйлаған ананы неге ұмытады? Спектакль осы сауалдарға жауап іздеп, тіршілік түйткілдері, соның салдарынан адамның жан дүниесіндегі болатын өзгерістер, ізгіліктің, мейірімділіктің азаю жөнінде сыр шертеді.

Қойылым лейтмотивіне көрнекті күйші-композитор, Қазақстанның Халық әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Секен Тұрысбектің «Ақ жауын» күйі дұрыс таңдалды деп есептейміз. Автор бұл күйдің туу тарихы туралы айтқанда: «Ақ жауынды» қазақтың басындағы барлық проблема шайылып кетіп, қоғам кір-қоқыстан тазарса екен деген идеямен жаздым» деп үнемі айтып жүреді. Сондай-ақ спектакльде қолданылған белгілі әнші Динара Кемелханның репертуарындағы «Қара шаңырақ» әні драманың табиғатын ашады.

Желісіне тоқталар болсақ, төрт баланы тәрбиелеп өсірген ана мүгедек болып, арбаға таңылған кенже ұлымен ауылда қалады. Үлкен ұлы мен қос қызы қалада тұрады. Ананың туған күніне солардың бәрі қара шаңыраққа жиналады. Мәселенің бәрі содан басталады. Күйбең тірліктің қамымен жүріп, қаладағы бауырлар бір-бірімен араласуды қойған. Жағдайлары да мәз емес екен, қаладағы келін қайын жұртын менсінбейді, тіпті екінші анасының туған күніне де келмейді. Шетелдерде үнемі қыдырып, қызмет істейтін жұбайы оған тек ақша үшін керек екенін сездіреді. Дунай Еспаевтың өзі сомдаған Ерғали дейтін кейіпкер соған қатты қиналады. Әлия болса, күйеуімен және баласымен тар бір бөлмеде тұрады. Ал Ләйлә отбасымен жатақхананы мекен етеді. Бір үйдің қос қызына ортақ – баспана мәселесі. Ауылға жиналатын бауырлар ащы судың кесірінен бастарындағы қиындықтарды айтып, ақтарылады, тіпті кикілжіңге дейін барады. Арада ана мен мүгедек болып қалған бауырлары шырылдайды.

Бір түп алма ағашынан тараған бұтақтардың бірлігі, татулығы жөніндегі аңыздан тарқатылатын туынды бір отбасының одан айырылуын, содан қайғы-қасірет туындайтынын көрсетеді. Ақырында бауырлардың «шайқасына» шыдамаған кенже ұл өзіне-өзі қол салады. Осылай қайғылы аяқталатын спектакль отбасылық өмір туралы ойлануға жетелейді.

Бір атап өтерлігі, спектакльде кейіпкерлерді сомдайтындар кәсіби әртістер емес, оған түрлі қызмет істейтін адамдар мен студенттер, тіпті мектеп оқушылары да тартылған. Бізді Зарқымбек бейнесін сомдаған Тоқтар Ерсінұлы өнерімен ерекше тәнті етті. Ол 8-сыныпты енді ғана бітірді. Болашағын да театрмен байланыстырып, мектептен кейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына белгілі әртіс, Қазақстанның Халық әртісі Дулыға Ақмолданың шеберханасына түскісі келеді. Жасөспірім актердің есімі қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің құрметіне қойылғанын да айта кетейік. Ендеше, жас Тоқтардың өнер көгінде самғауына тілектеспіз.

«Dat» театры – өткен жылдың аяғында ғана құрылған өнер ұжымы. Аяқалысын қоғамдағы күрделі мәселеден бастап, жастарды өнерге баулып жатқан театрға ақ жол тілейміз.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ ӨТТІ

Балаларды қорғау күніне орай Астанада III Халықаралық клоундар фестивалі өтті. Мерекелік шараның алғашқы бөлігі ретінде «Нұрлы жол» стансасынан шыққан өнерпаздар елорданың басты символдарының бірі – «Бәйтерек» монументі алаңынан шеруге шықты. Түрлі-түсті костюм киген өнерпаздар мен фестиваль қонақтары қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, «Ғашықтар» саябағына дейін жүріп өтті.

Фестиваль балаларға мерекелік атмосфера сыйлауға, отбасылық демалыс мәдениетін дамытуға және қала тұрғындары мен қонақтары үшін ашық шығармашылық кеңістік қалыптастыруға бағытталған.

Биылғы фестивальге өнер әлемінде кеңінен танылған Мұтырғановтар отбасы, Қазақстанның әр өңірінен келген өнерпаздар, сондай-ақ Дания, Италия, Франция, Аргентина және Ресейден келген шығармашылық ұжымдар қатысты.

Шеру барысында көрермендер ерекше сахналық бейнелерді, цирк өнерінің элементтерін және клоундардың интерактивті қойылымдарын тамашалады.

Фестивальдің негізгі концерттік бағдарламасы Амфитеатр сахнасында өтті. Концерт барысында балалар мен отбасыларға арналған қойылымдар, сахналық көріністер және мерекелік нөмірлер ұсынылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, III Халықаралық клоундар фестивалі балалардың мәдени-шығармашылық дамуын қолдауға, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге және елордадағы мерекелік мәдени ортаны дамытуға ықпал етеді.

АТ ҮСТІНДЕГІ АЙБЫН

Елордада ат спорты бойынша халықаралық деңгейдегі ірі жарыс мәресіне жетті. FEI Jumping World Cup Eurasian League, FEI Jumping World Challenge Final 2026 және FEI CDI 1*/CDI 3* Dressage бағдарламаларын қамтыған турнирге әлемнің бірнеше елінен келген таңдаулы шабандоздар қатысты.

Үш күнге созылған бәсекеде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Бразилия, Үндістан, Беларусь, Колумбия, Марокко және Оңтүстік Африка Республикасының спортшылары өзара мықтыны анықтады. Турнир халықаралық ат спорты күнтізбесіндегі маңызды жарыстардың бірі ретінде жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көрермендерге тартысты сайыстар сыйлады.



Қазақстандық спортшылар жарыс барысында жоғары нәтиже көрсетіп, жалпы есепте 14 медаль жеңіп алды. Бұл көрсеткіш еліміздегі ат спорты мектебінің әлеуетін және қазақстандық шабандоздардың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Турнирдің ең әсерлі сәттерінің бірі Six Bar Jump-Off сайысы болды. Кедергілердің биіктігі 170 сантиметрге дейін көтерілген бұл бәсекеде қазақстандық спортшылар Нұрила Тұрысбекова мен Ясмин Ибрагимова үздік нәтиже көрсетіп, ел қоржынына екі алтын медаль салды.

Қорытынды күні де Қазақстан құрамасы табысты өнер көрсетті. CSI-W AEF/Mantena CUP жарысында Олег Соколенко бірден алтын және күміс медаль жеңіп алса, Нұрила Тұрысбекова қола жүлдені иеленді. Сонымен қатар Дарья Попова еркін бағдарлама бойынша өткен жарыста тағы бір қола медаль еншіледі.

Халықаралық турнир қорытындысы елімізде ат спортының қарқынды дамып келе жатқанын және қазақстандық спортшылардың әлемдік деңгейдегі бәсекелерде жоғары нәтиже көрсетуге қабілетті екенін көрсетті. Сонымен қатар Астана халықаралық ат спорты жарыстарын тұрақты түрде қабылдай алатын маңызды спорт орталығы ретіндегі мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдеді.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 64
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ